



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі жаңа алаяқтық схема туралы ескертеді

Астана қ.

2025 жыл, 4 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) құнды заттарды инкассациялау қызметін ұсынатын компаниялардың түрлі интернет-ресурстарда жарияланатын хабарламаларына сақ болу керек екенін ескертеді. Себебі олардың арасында **тиісті ҚҰБ лицензиясы жоқ** компаниялар да кезігіп жатады.

Атап айтқанда, **өзге ұйымға** берілген ҚҰБ лицензиясының реквизиттерін **заңсыз** пайдаланып жүргендер бар. Сондай деректің бірі өзін «Brinks» Инкассация қызметі» ЖШС деп атайтын ұйым [сайтында](#) (оны шетелдік The Brink's Company инкассаторлық компаниясымен шатастыруға болмайды) орналастырылған. Сол арқылы бұл компания өз қызметінің заңды екенін көрсетуге тырысқан.

Осындай ұйымдармен шарт жасасып, оларға құнды заттарды инкассацияға беру – **тәуекелі** жоғары іс.

ҚҰБ азаматтар мен заңды тұлғаларды сақ болуға және инкассация бойынша қызметтерді жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың қызметін пайдалануға шақырады.

Белгілі бір ұйымда лицензияның бар-жоғын тексеру үшін ҚҰБ [сайтында](#) орналастырылған тиісті лицензиясы бар ұйымдардың ресми тізілімімен танысу қажет.

Қандай да бір алаяқтық әрекетке тап болған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына арызбен жүгінуге кеңес береміз.

Кеңес алу үшін 1477 нөмірі арқылы ҚҰБ Байланыс орталығына хабарласуға болады.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)